

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
VII том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология,
әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ө. Тарақ,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пісір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Тарақ**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүреділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Тілепов**

А 13 **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VII том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүреділ; жауаптыред. З. Бисенғали; жалпыред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 307 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)

Жетінші томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы туралы тәуелсіздік жылдары жарық көрген таңдамалы еңбектер топтастырылған. Оларда Абайдың шығармашылық тұлғасы мен әдеби мұрасының, даналық ойлары мен суреткерлік өнерінің тарихи мәні мен бүгінгі күн үшін маңызы көрсетілген. Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай әлемін терең тануға талаптанған көпшілікке арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)
ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

АБАЙДЫҢ ДАНАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМЫ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Абайдың даналық ойлары оның поэзиясы мен қара сөздерінде шоғырланғаны белгілі. Ақын поэзиясындағы бірінен кейін бірі жауһарланып өтетін сезім құбылыстары, дәл танып әділ айтылған өмірдің ащы шындығы, озық ойға толы өнегелі сөздер аса бай шешендік, шебер тіл мен эстетикалық көркемдік философиялық ойлармен тоғысып, кейде оны көлегейлеп те кетіп отырады.

Сондықтан Абайдың даналық ойларын зерттеушіге маман философ болумен қоса, «қиыннан қиыстырар ер данасының» поэтикалық, лирикалық, сөз астарының мәнін дәл танитын, қазақ тілінің қыр-сырына қанық, семантикасына жетік және логикасының жүйрік болуын қажет етеді. Тегінде, ақынның шығармаларындағы сан қилы философиялық түйіндерді тауып олардың басын біріктіре зерттеу бір кісінің қолынан келер жүк емес.

Болмыстың ақиқат заңдылықтарын қорытындылау үшін философия диалектикалық ойлаудың логикалық формалары мен таным теориясының зерттеу әдістерінің ұзақ жолынан өтеді. Ал поэзиясының бір артықшылығы поэтикалық, сезімдік көркем танымдар арқылы философиялық ойды кейде тұспалдап, кейде нақты қысқа афоризм, нақыл, постулат түрінде оқушыға тез, ұрымтал жеткізеді. Поэзия тың философиялық ойдың тууына түрткі, себепші болады. Ол Үлкен философияның алдындағы шолғыншысы, Ту ұстаушысы іспетті үлкен қызмет те атқарады.

Поэзия мен философияның байланысын Аристотель «Поэтика» атты шығармасында былай көрсетеді: «...Поэзия тарихқа қарағанда философияға тән және парасатты, өйткені поэзия жалпы, ал тарих мәселелер туралы көп ой айтады» («...поэзия философичнее и серьезнее истории, ибо поэзия больше говорит об общем, история – о единичном») [1].

Ал, неміс романтизмінің ірі өкілі, философ, эстет Фридрих Шлегель (1772-1828 ж.ж.): «Қазіргі заман поэзиясының күллі тарихы – ол философияның қысқа тұжырымдарына түсініктердің үздіксіз тізбегі» (Вся история современной поэзии – это непрерывный комментарий к краткому тексту философии») [2] – деп жазады.

Философия мен поэзияның тікелей байланысын ұлы Абай да тамаша ашып айтқан екен:

Тәңірінің күні жарқырап
Ұйқыдан көңіл ашар көз.
Қуатты ойдан бас құрап
Еркеленіп шығар сөз [3, 256].

Осындай «куатты ой» философияның негізгі ерекшелік сипаты, «еркеленіп шыққан сөз» поэзиясының көркемдік қасиеті екендігіне ешкім дау айта қоймас. Адамның философиялық қуатты ойы ғана көркем поэзияны туғыза алатынын айтып отыр Абай. Ақынның осы сөзі поэзияның анықтамасы да бола алар еді. Абайша айтсақ: Поэзия дегеніміз философиялық қуатты ойдан бас құрап көркемденіп шыққан сөз.

Қазіргі философия ғылымы адамның сезімдік танымының және логикалық танымының бар екендігін, ал логикалық таным сезімдік танымның құрылымы мен мазмұнына әсер етіп отыратынын мойындайды [4]. Олай болса поэзия адамның дүниені сезімдік, дарындық танымының көркем формасы. «Ғажап поэзия дарын еркіндігінде туады» депті өл-Фараби бабамыз [5]. Осы салыстырудан-ақ Абайдың даналық ойларының ұлы ғұламалармен қатар тұрғанына көзіміз жетеді.

«Өлең – дүние таным мен көркемдіктің айшықты өрнегі, синтезі. Біз өлеңдегі ойды, лириканы мөлшерлей алмаймыз, ондай өлшем жоқ. Өлең тұтас қабылданады. Поэзия философияны, философия поэзияны қажет етіп тұрады. Қандай классик ақынды алмасақ та, ол – тек ақын ғана емес, данышпан ойшыл» – дейді Ғ. Есімов [6].

М. Әуезов ақын поэзиясы мен қара сөздерін талдай келіп Абайдың «...өз заманындағы қоғамдық, ақындық, көркемдік, эсте-

тикалық, тәрбиелік, ұстаздық, педагогикалық мәселелерге, адам және адамгершілік ұждан, мораль философиясына төтелі қатысы бар... әр салалы ойшылдық пікірлерін... оның әр шығармаларының әдебиеттік сапасын тексеру, талдау үстінде еске аламыз. Ал енді жақын заманда Қазақстандық әлеуметтік, философиялық ойдың өсу тарихын зерттейтін жаңа философтарымыз Абайдың жаңағыдай мұраларын түгелдей теріп, терең талдап тексеруіне мейлінше болады. Ұлы ақынның даналық мұрасы турасында сондай еңбектер ету үлкен шартта болады» – деген еді [7]. М. Әуезовтің философтардың алдына қойған міндеттері күн тәртібінен әлі түскен жоқ.

Абай философиясындағы таным заңдылықтары мен диалектиканың көріністеріне және эстетикалық көзқарастарына арнап ғалымдар Қ. Бейсенбиев [8]. Т. Тәжібаев [9]. А. Қалмырзаев [10] көлемді еңбек жазса, Б. Қазықанова [11], Қ. Нұрланова [12] өздерінің монографияларында Абай эстетикасының ерекшеліктеріне жеке тараулар арнады. Бұл еңбектер ақынның философиялық және эстетикалық көзқарасын айқындауға және оны зерттеу методологиясына құнды үлес болып қосылды.

Дегенмен, Абайдың даналық ойларын тыңғылықты зерттеу, оның қазақтың ұлттық философиясының қалыптасуындағы алатын орнын, қазақ ұғымына сай жазылған философияның терең мәніне қазіргі заман философиясы ұғымдары (категориялар) тұрғысынан түсінік беру, сөйтіп Абай философиясының танымдық, ғылымдық деңгейін жан-жақты ашып, жарқырата көрсету қажет-ақ.

М. Әуезов, А. Көбесов, Б. Ғабдуллин, Қ. Салғараұлының [7; 13-15] еңбектерінде Абай қазақтың ұлттық философиясының сыртында шығыстың шайырлары: Фирдоуси, Низами, Қожа Хафиз, Науаи, Жүсіп Баласағұни, Физули, Шейх Сағидидың. философтардан: Сократ, Платон, Аристотель, Дауани, Спенсер, Спиноза, Бокль, Милль. Дрепердің және Байрон, Гете, Пушкин, Лермонтов, Белинский, Чернышевский, Герцен, Л. Толстой шығармаларымен таныс болғандығы дәлелденеді.

Бірақ, ол солардың ықпалында қалып қоймай, айтқандарын көңіліне тоқыған, өз ой елегінен өткізген, өзгелерден бөлек өзіндік дүниетанымы қалыптасқан.

Сөйтсе де, Абай таза философиялық ұғымдарды қолданып, арнайы философиялық шығарма жазып қалдырмаған, себебі ол өз заманындағы «ұстарасыз аузына мұрты түскен» халқына ең керегі танымдық философия емес философиялық поэзия екенін жіті түсінген. Қазақ халқы туа болмысынан өлең-жырға, айтысқа, өткір поэзия тіліне құмар, дала кеңістігі мен поэзия арқылы ойлауға бейім халық екенін таныған Абайдың өзінің даналық, ағартушылық көпшілікке тезірек, төте жеңіл ұқтырудың тот баспас құралы етіп алғаны философиялық поэзия болса керек.

Абай өзінің философиялық ойлау үдерісін қағазға түсірмей (оған уақыты да болмауы мүмкін), тек соңғы ой қорытындысын ғана поэзия тілінде тұжырымдап, оны өмір шындығымен жанастыра астарлап отырған. Оның шығармаларына тереңірек үңілген сайын қазіргі заман философиясының деңгейіндегі көптеген категорияларды анықтай түсеміз. Солардың бірнешеуіне қысқаша тоқталып өтелік. Алдымен ақынның өзіне сөз берелік:

Кім жүрер тіршілікте көңіл бермей,
Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей.
Міні қайда екенін біле алмассың,
Терең ойдың телміріп соңына ермей.

Бір оқығанда, осы бір ауыз өлеңде философиялық мән жатқанын байқай қоймаймыз. Ой жіберіп көрелік. «Бақи» сөзінің мағынасы – «мәңгі», «ұзаққа созылатын». «Фәни» сөзінің мағынасы – «жалған», «өтпелі дүние».

Абай түсінігіндегі «мәңгі» – ол, өзгермейтін шындық, ақиқат, ал «жалған» – өзгеріп, ауысып тұратын өтпелі ақиқат. Бақимен (мәңгімен) салыстырғанда фәнидің (жалған дүниенің) тез өтпелілігін, мәңгі ақиқат өтпелі дүниенің ақиқат деп танығанының мінін (қателігін) ашпай қоймайтынын, оны адамның «терең ойдың» соңына түспесе біле алмайтынын айтқан. Қазіргі философиялық категориялармен айтсақ, Абай абсолют ақиқат пен салыстырмалы ақиқаттардың бар екенін білдіріп қана қоймай, олардың ара қатынасын, яғни салыстырмалы ақиқаттың өтпелілігін абсолют ақиқат айқындайды деген тұжырым жасаған.

Адамзат бүгін адам, ертең – топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.
Ертең өзің қайдасың, білемісің
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.

Абай адамның да, адамзаттың да болмысының өмір шындығының тұрақсыз, ауыспалы екенін, адам болмысының жоғалуы туған мезеттен басталатынын айтады. Адам өмір үшін күресе жүріп көрген әрбір өмір қызығы оны өлімге бір қадам жақындата түседі. Адам тіршілігінде өлім мен өмір қатарласа, тіркесе жүретін, бірінсіз екіншісі жоқ, бірін бірі теріске шығаратын құбылыстар. Абай «өлмек үшін туғансың» деп осы заманғы диалектикалық философияның негізгі қағидаларының бірі «Қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресін» үш-ақ сөзбен білдірген.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең, –

дейді тағы Абай [3, 117].

Адам туған күні шілдехана өткізіп, өлеңмен қарсы алады, ал өлгенде өлеңмен жоқтау айтып шығарып салады. Өлең адам өмірінің басы мен соңындағы қуаныш пен қайғыны, яғни қарама-қайшылықты екі жүкті бірдей атқарады. Бұл да «қарама-қарсылықтың» «бірлігі мен күресінің» тағы бір көрінісі.

Абай: «... адам көзбен көріп, құлақпен естіп, тілмен татып, мұрынмен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабардың ұнамдысы ұнамды қалпымен, ұнамсызы ұнамсыз қалпымен әрнешік өз суретімен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші жанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып көңілде суреттемек...» [3. 486].

Объективті сыртқы ортаның адам санасында бейнеленуінің ішкі түсінігіне айналып танылу жолын (процесін) Абай осылай түсіндіреді. Абайдың бұл айтып отырған тұжырымы диалектикалық таным теориясының іргетасы болып саналатын бейнелену теориясымен (теория отражения) сәйкес келетінін байқау қиын емес.

Ал, В.И. Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде: «Материя есть философская категория для обозначения объективной реальности, (которая дана человеку в ощущениях его, которая копируется, фотографируется, отражается нашими ощущениями, существуя независимо от них» [16] деген әйгілі анықтамасын берген болатын. Осындағы жақшаға алынған сөз тіркесінің жоғарыда Абай айтқан тұжырымының орысша баламасы тәрізді, бір-бірінен мазмұнының алшақтығы шамалы. Бұл шығарманың Лениннің ең басты философиялық туындысы екенін және оның 1909 жылы баспадан шыққанын ескерсек, одан 5 жыл бұрын 1904 жылы қайтыс болған Абайдың дүниетанымының жеткен деңгейінің қаншалықты жоғары болғандығына таңданбасқа болмайды. Лениннің бұл еңбегі, қазіргі саясатшыларымыздың оның пролетариат диктатурасына қатысты жазғандарына қарамастан, таным теориясындағы беделді орнын сақтап қала берері анық.

Абай: «Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу (араб: тілек, мақсат, арман), бұлардың да басы – жибили (араб: еріксіз болатын тілек)» [3.486], «Адамның білімі ақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің емес, хамманы білетұғын ғылымға ынтықтық өзі де адамға өзіндік ғылым береді... Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, яғни ғашықтық өзі де хақылық хам адамдық дүр (қасиет)» [3.469], – дейді. Осы қара сөздерден-ақ Абайдың өзі үшін үш жаңалық ашқандығына көзіміз жетеді: 1) Сыртқы дүниені тану үдерісі сезіну (түйсіну) тәжірибелері арқылы өтетінін және адам дүниені тану кезінде сыртқы ортаның тигізген әсерін тек жай қабылдаушы емес, сыртқы ортаны тануда адамның өзі үлкен белсенділік көрсететінін айтады және бұл белсенділікті (активность) адамдық қасиет деп жоғары бағалайды. Қазіргі философияның таным теориясы да адамның өз белсенділігінің таным үдерістерінің барлық кезеңдерінде қатысып отыратынын мойындайды. 2) Ғылымның білгенінің ақиқаттығын және хамманы білетұғын ғылымның ғаламды тани алатынына сенеді. 3) «... хамма ғылымға ынтықтық өзі де адамға өзіндік ғылым береді» деп Абай адамның дүниені тану кезіндегі

өзінің тәжірибелік іс-әрекетіне және осы іс әрекеті кезіндегі өзінің ойлау үдерісіне қайтадан ойша талдау жасауын «өзіндік ғылым» деп атайды. Бұлар қазіргі философиялық түсінігіміздегі адамның өзін өзі тануы (самосознание) мен рефлексия екені анық.

Абайдың дүниетанымында үлкен орын алатын күрделі мәселелердің бірі – болмыс (бытие), сондықтан оған кеңірек тоқталмақпыз. Ақынның өлеңдері мен қара сөздерінен үзінділер келтірейік: Өлсе өлер табиғат адам өлмес, Ол бірақ қайтып келіп ойнап-күлмес. «Мені» мен «менікінің» айрылғанын «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес [3.228]. Махаббатпен жаратқан адамзатты. Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй «бауырым» деп және хақ жолы деп әділетті [3.296].

«Бұл көзге көрінген, көңілге сезілген ғаламды қандай хикметпенен жарастырып, қандай құдіретпен орналастырған. ешбір адам баласының ақылы жетпейді», «... болуы мүмкін нәрселердің ішінде не бар болса да, ол «бірліктен» құтылмайды. Ол «бір» деген сөз ғаламның ішінде, ғалам Алла тағаланың ішінде».

«Біз Алла тағаланың өзінің білгеніне қадар (шамасында) ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Алла тағала – өлшеусіз, біздің біліміміз – өлшеулі. Өлшеулі мен өлшеусізді білуге болмайды» [3.471].

Осы келтірілген үзінділерден-ақ Абайдың философиялық ұғымындағы болмыстың өзара байланысқан бес деңгейін көреміз:

Алла тағала (тәңірі, құдай) болмысы
Ғаламдық (әлемдік, космос) болмысы
Табиғат (жаратылыс) болмысы
Адамзат (қоғамдық) болмысы

Адамның (жеке басының) болмысы. Алла тағала болмысы адамға танылмайды, оның болмысын өзінің білінгені шамасында ғана білеміз. Адам, Қоғам, Табиғат, Ғалам болмыстары соның ықтиярында. Алла тағала болмысы сондықтан белгісіз болып қала береді, – дейді Абай.

Абай Ғаламдық болмысты мойындайды, хамманы білетұғын ғылым оны тани алатынын және оның Табиғат, Қоғам, Адам болмыстарымен бірлікте, тығыз байланысты екенін айтумен шектеледі.

Ақынның Адам болмысы туралы ойы – оның бүкіл шығармаларының өн бойында тұнып тұр. Ол не жазса да, адам болмысы үшін жазған. Оны оқушының өз талғамына қалдырдық.

Ал Табиғат болмысы мен Қоғамдық болмысы туралы көзқарасы ақынның философиялық ойының шыңы іспетті тұжырымында ерекше көрінеді:

Дүние – үлкен көл,
Замана – соққан жел,
Алдыңғы толқын – ағалар,
Артқы толқын – інілер,
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер [3, 468].

Осы тұжырымда диалектиканың көрінісі бар екенін қазақтың көптеген зиялылары атап өткен болатын, бірақ оның философиялық мәнін ешқайсысы тәптіштеп түсіндіре қойған жоқ. Біздің ниетіміз сол олқылықтың орнын толтыруға қатысу.

Қазақ ұғымында «Дүние» деген сөздің әр көлемді үш болмысқа тән түсінігі бар екендігі Абайға да танымал болса керек.

«Дүние – 1» – адамның әлеуметтік ортасы, адамзат-қоғамдық болмыс. Мысалы:

Дүние – бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса ерге дәулет құралмаған.
Меңзеген асқар тауға қайран көңіл,
Дүниеде еш нәрсеге тына алмаған (қара өлең).

«Дүние – 2» – жер бетіндегі табиғат, жан-жануар дүниесі, ауа кеңістігі мен аспан күмбезі – Табиғат (жаратылыс) болмысы.

Мысалы, халық жұмбағы: Дүниеде жеті жоқ?

Шешуі:

Құста сүт жоқ,
Жылқыда өт жоқ,
Көкте тіреу жоқ,
Жерде белбеу жоқ,
Таста тамыр жоқ,
Жыланда аяқ жоқ,
Суда қаймақ жоқ.

«Дүние – 3» – әлем, ғарыш – Ғаламдық болмыс. Мысалы: Дүние ғаламының ұланғайыр болу себебі: ол бір түйір қиыршығын да өзінен сырт қалдырмаған (Мир потому и Велик, что не отбросил ни одной песчинки), – дейді орыс даналығы.

Енді осы ұғымдарды пайдаланып, Абайдың жоғарыдағы Дүниені алты жол өлеңге сыйғызған тұжырымын талдап көрелік. Осы тұжырымдағы «Дүниеге» және «Үлкен көлге» қатысты ұғымдарды бөлек-бөлек топтап, ортақ сипаттамаларын (заңдылықтарын) көрсетіп жазсақ, оның философиялық мәні көрнектілене түседі.

Дүние	1) Үлкен көл
Замана	2) соққан жел
Ағалар,	3) алдыңғы толқын
Інілер	3) артқы толқын

Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер.

Әр топтың алғашқы үш жолындағы ұғымдар болмысты талдауға, соңғы екі ортақ жолдар синтездеуге жатады. Осы екі топтағы ұғымдардың Абай түсінігіндегі мән-мағынасы, туындау себептері бар.

Желді күні көл бетінде пайда болып, әсем көрініс жасап, бірін-бірі қуалай көлдің екінші бетіне ағылып жататын толқындар кімге болса да таныс құбылыс. Бұл құбылысты Абай да

іждағаттықпен бақылаған және оның басты бес сипатын атау үшін алдын ала төмендегідей ой түйіндегенін аңғару қиын емес. «Жебе» сызықшалар дамудың өрбу бағытын көрсетеді.

«Үлкен көл» – табиғат болмысына жатады. Ол – толқындардың пайда болып, қозғалатын, өмір сүретін ортасы, кеңістігі. «Соққан жел» – толқындарды тудырушы қозғаушы күш. Жел күшті болса, үлкен толқындар, әлсіз болса, кіші толқындар туады. Толқындардың таралу жылдамдықтары да соққан желдің өзгеруіне тәуелді. Әр табиғат құбылысының өз қозғаушы күші бар. «Алдыңғы толқын, артқы толқын» – су бетіндегі құбылысты адамға көрнекті етуші және құбылыстың өзін тасымалдаушы. Толқындардың қозғалысына, формасына қарап желдің қозғаушы күші шамаланады. Толқындар – табиғат құбылысын, қозғалысын алып жүруші нақты иесі (қазіргі философия ұғымымен айтсақ, толқын – құбылыстың субстанциясы). «Кезекпенен өлінер», бұл – толқындардың көл шетіне жеткенде бірінен кейін бірі жоғалып өшіп жатуы. Соққан желдің бағытымен үздіксіз ағылып, кезекпен кетіп жатқан әрбір толқын уақыттың бір-бір сәтіне сай келеді. Құбылыстың кезектесуі ғана уақыттың өткенін білдіреді. «Баяғыдай көрінер» – толқынның қозғалу жылдамдығы мен биіктігі әр түрлі болғанымен, сырттай қарағанда, жалпы қозғалыс бейнелері ұқсас. Әр толқынның пайда болуы, таралу және жоғалу үдерістері мен мерзімі қайталанып отырады. Бұл – кішігірім эволюция. Осы бес этап желді күнгі көл бетінің бүкіл физикалық бейнесін толық сипаттай алады. «Дүниенің» де Абай осы тәрізді бес сипатын бағдарлаған. «Дүние» – ел, халық, дүйім жұрт, адамзат-қоғамдық, әлеуметтік құбылыстар жүретін орта – қоғамдық болмыс. «Замана» – қоғамдық дамудың қозғаушы күші. Абай «Заман» демейді. «Замана» дейді. Бұл «Заманалар» деген көпше ұғымды береді. «Заманалар» деген сөз әр заманның өз қозғаушы күштері бар екенін жанамалай ұқтырады. Осы пікірді мына өлеңдер дәлелдей түседі. Абай:

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек.

Заманға жаман күйлемек,
Заманы оны илемек.

Қасым Аманжолов:

Дүние жалт-жұлт еткен кең мекенім,
Көре алмай көп жеріңді мен кетемін.
Арпалыс алақұйын Заманалар,
Арбасып тұрып алды, мен не етемін.

«Ағалар, інілер» – талай ғасыр үзілмей келе жатқан ұрпақтың ұрпаққа ауысуы, адамзат өмірінің жалғасуы, белестері. Адамзат – қоғамды алып жүруші, адам – қоғамдық сананы, қоғамдық құбылыстарды тасымалдаушы иесі (субстанция). «Кезекпенен өлінер» – қоғамдық құбылыстардың кезекпенен өту тарихы, уақыт тізбегі. Табиғат, қоғам біржолата өлмейді, олардың өлуі салыстырмалы ұғым. Ал уақыт шын өледі. Өткенді қайтару жоқ. Уақыттың өткенін қоғамдық құбылыстардың және ұрпақтың ауысуы арқылы сезінуге болады. Абай осы ойын нақтылай түседі:

Сағаттың пықылдағы емес ермек,
Үнемі өмір өтпек – ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.

Абай материялы кеңістікті (ортаны), құбылысты және уақытты бір біріне тәуелді бірлікте түсінеді. Бұл Эйнштейннің салыстырмалық теориясының негізгі мәніне саяды.

«Баяғыдай көрінер» – адам қоғамындағы әр заманның «пайда болуы – өркендеуі – өшуі» сырттай карағанда бір-біріне ұқсас, баяғыдай болып көрінеді. Абай «баяғы қалпына қайтып келеді» демейді, «баяғыдай көрінер» дейді. Өткендер өзгеріссіз қайталанбайды, олардың өту жолының ұқсас кезеңдері түрінде ғана қайталады деп түсінеді Абай. Бұл қазіргі философия ғылымының «даму спираль бойымен жүреді» деген қағидасына

жуық келеді. Абай осы салыстырулар арқылы табиғат болмысына да, қоғам болмысына да ортақ заңдылықтардың бар екеніне де көпшіліктің көзін жеткізеді.

Қоғамдық болмысты түсіндіру үшін Абайдың табиғат заңдылықтарын көлденең алға тартуының бір себебі: «Қазақстанның байырғы тұрғындарына Табиғаттың өз ішінде өзіндік әрекеті, жаратылудың өзіне тән себептері мен факторларына ие, белсенділік пен эволюция негіздерін жинақтаған абсолюттік және мәңгілік Бастау болып көрінуі» (Природа выглядела для насельников Казахстана как абсолютное и вечное начало, внутри себя самостоятельное, имеющее имманентные причинные и факторы существования, располагающие основами активности и эволюции) (18).

Екінші себебі – қоғамдық болмыстың заңдылықтарын кімге болсын бірден түсіне қоядың қиындығы. Абай осы қиындықты жеңілдету мақсатымен көл бетіндегі әркімге таныс әрі көрнекті, бастан аяқ көз алдынан өткеруге болатын, толқындық құбылыстың заңдылықтарын негіз ретінде алып, қоғамдық құбылысты түсіндіру үшін соған ауыстырып пайдаланған. Қоғамдық болмыстың үлгісіне соққан жел, ағалар мен інілер үлгісіне алдыңғы және кейінгі толқындар алынған. Бұл әдісті қазіргі ғылымда экстраполяция деп атайды. Оның мәнісі бір құбылысты зерттеудің нәтижесінде жинақталған білімді, одан тысқары, басқа құбылыстың заңдылықтарын түсіндіру үшін соған тасымалдау (19).

Абай экстраполяцияны білді ме, әлде интуициясы әкелді ме, мүмкін ол экстраполяцияны философияда тұңғыш қолданушы болар, әйтеуір қоғам болмысының дамуын түсіндіруде пайдаланған осы бастамасы оның логикалық ойының озық, қазіргі ғылыми философиямен ұштасып жатқандығының айғағы.

Ғаламның (космостың) сырларын ашуға қазіргі ғылымның жетістіктерінің күші жетпейтіндіктен оның болмысын философия тұрғысынан сипаттауда космолог-философтардың жалғыз сүйеніш тұтқаны да осы экстраполяция болды. Бұл шешімді олар 1960 жылдары ғана жасады (20) және осы уақытқа дейін өзгеріссіз қалуда.

Ақынның көздеген ойын сабақтай түсіп, түпкі мәніне үнілер болсақ, болмыстың дамуын ол мынандай белгілер арқылы анықтауға болатынына нұсқайды:

Болмысқа тән құбылыстар өтетін орта материялы кеңістіктің болуы.

Құбылыстың қозғаушы күшінің (себебінің) болуы.

Құбылыспен қатар оны алып жүруші (тасымалдаушы) иесінің (субстанциясының) көрнектілігі,

Құбылыстардың ретті алмасуы, кезектесе алға жылжуы (уақыт).

Эволюциялық даму деңгейінің өзгеруі.

Болмысты сипаттайтын осы «бес анықтағыштан» қазіргі диалектикалық философияның негізгі категорияларына тән ұғымдар айқын көрінеді. Олар: материялы кеңістік (орта), қозғаушы күш (себеп), қозғалыс (салдар), құбылыстар (сапалы секіріс), қозғалыстың қайталануы мен ілгерілеуі, материялы орта мен қозғалыс және уақыттың бірлігі, эволюциялық даму кезеңдері, т. б.

Осы «бес анықтағышқа» бұдан бұрынырақ айтылған Абайдың мәңгілік және өтпелі ақиқат, қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі», бейнелену теориясы, адамның белсенділігі мен рефлексияға қатысты пікірлерін қоссақ, ол тек ұлы Ақын ғана емес, табиғат пен қоғам құбылыстарын түбегейлі зерттеуші, әрі оны аналитикалық және синтетикалық ой елегінен өткізіп, диалектикалық ой түйіндеуші ғұлама философ дәрежесінде тұлғаланып көрінеді. Абайдың «бес анықтағышы» табиғат пен қоғам өмірінің диалектикасы білімінің қазақ топырағындағы алғаш дүниеге келуі ретінде түсініліп, қазақтың ұлттық философиясы тарихынан «Абайдың бес анықтағышы» деген атпен орын алуға тиісті сияқты. Осымен қатар, ақынның даналық (философиялық) ойды поэзия тілімен көпшілікке жеткізу ерекшеліктерінің методикасын да арнайы зерттеудің қажеттігі туындайды.

Абай – ғалам құпияларына зер салып, табиғат пен қоғам, адам мен заман болмыстарының сырларына терең бойлаған, әлемдік ақыл-ойдан хабары мол және онымен терезесі тең өзіндік поэзиясы мен даналық ой үлгілерін халқымыздың қоғамдық

санасына ұдайы сіңіріп келген кемеңгер, ұлттық мақтанышымыз, халқымыздың ұлы Перзенті.

Әдебиеттер

1. Аристотель. Сочинение в 4-х томах. – М.: Мысль, 1984. – Т. 4. – С. 655.
2. Шлегель Ф. Эстетика, философия, критика // История эстетики в памятниках и документах. – М.: Искусство, 1983. – Т. 1.
3. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы, 1961.
4. Философский энциклопедический словарь. Теория познания. – М.: Советская энциклопедия, 1989. – С. 652.
5. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. – Алматы: Ғылым, 1993. – С. 353.
6. Ғарифолла Есім. Сезім болмысы // Қазақ әдебиеті. – 5 сентябрь. – 1986.
7. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 20-том. – 185 б.
8. Бейсембиев Қ. Мировоззрение Абая Құнанбаева. – Алма-Ата, 1956.
9. Тажибаев Т. Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Құнанбаева. – Алма-Ата, 1957.
10. Қалмырзаев А. Эстетическое в творчестве Абая. – Алма-Ата: Казахстан, 1979.
11. Қазыханова Б. Эстетические культуры казахского народа. – Алма-Ата, 1973.
12. Нурланова К.Ш. Эстетика художественной культуры казахского народа. – Алма-Ата: Наука, 1987.
13. Көбесов А. Абай қара сөздерінің кейбір тұжырымдары хақында // Жас алаш. – 1992. – 10 желтоқсан.
14. Ғабдуллин Б. Абай және Сократ // Абай тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1986.
15. Салғараұлы Қ. Таным баспалдақтары. – Алматы: Қазақстан, 1993.
16. Аманжолов Қ. Төрт томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1977, 389-бет.
17. Орынбеков М.С. К проблеме генезиса Казахской философии // XIX Всемирный философский конгресс. – М., 1993.
18. Доклады Казахстанской делегации. – Алматы: Ғылым, 1993. – С. 166.
19. Зеленев А.А., Макарычев С.П. Экстраполяция и эксперимент // Вопросы философии. – № 4. – 1967.
20. Юбилейный альманах 150-летию Абая. Института развития Казахстана. – Алматы, 1995.

ТҮСІНІКТЕР

1. Қойгелдиев М. Абай тұлғасы мен мұрасының қазақ тарихындағы орны. Бұрын баспасөзде жарияланған. Қазақтың бас ақыны: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құраст. С. Қорабай. – Алматы: Дәуір, 2004. – 10-16-беттер.
2. Медетбеков Т. Менің Абайым! Бұрын баспасөзде жарияланған. Сөз-стан (Жас қаламгерлер кітапханасы). – Алматы: Жалын, 1986.
3. Жұртбай Т. Қарақөк. Бұрын баспасөзде жарияланған. Жұртбай Тұрсын. Құнанбай: тарихи және әдеби тұлға. – Алматы: Алаш, 2004. – 20-60-беттер.
4. Негимов С. «Қайғы пығар ілімнен...» Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
5. Шәріп А. Абайдың «жазуы мен айтуы»: жаңа ментальдік жолында. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
6. Жеменей И. Абай және әл-Фараби. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 65-75-беттер.
7. Ісімақова А. Абай мұрасы – бүгінгі рухани қажеттілік. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, – 2007. – 15-28-беттер.
8. Қамзин К. «Семипалатинские областные ведомости» газеті Абай айналасы туралы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
9. Тайшыбай З. Ескендір әңгімесі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Тайшыбай Зарқын. Абайтану арнасында (1889-1916). – Петропавл, 2009. – 182-203-беттер.
10. Айтқазин Т. Абай философиясындағы адам мұраты. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 155-167-беттер.
11. Ысқақұлы Д. Аудармадағы Абай дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
12. Қоңыратбаев Т. Абай Құнанбайұлы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Әлемдік өнертану. III том. Музыка өнері. Тынысбек Қоңыратбай. 306-310-беттер.
13. Борбасов С. Абай тағылымы // Ақиқат. – 1995. – №1. – 61-64-беттер; Ақиқат. – 1995. – №2. – 61-63-беттер.
14. Шапай Т. Тыныштық метафорасы. Бұрын баспасөз бетінде жарияланған. Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек: Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1999. – 69-81-беттер.

15. Кемелбаева А. Гете мен Абай // Жұлдыз. – 2011. – №1; Жұлдыз. – 2011. – №2.
16. Ахметбекова А. Ыасауи мен Абайдың поэтикалық дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 43-49-беттер.
17. Палтөре Ы. Абай шығармаларындағы Алланың көркем есімдерінің кейбіріне лексика-семантикалық талдау. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 77-81-беттер.
18. Сейітова А. Абай мен Сағди поэзиясындағы ұқсас ой сарындары. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 64-69-беттер.
19. Рахимов Қ. Абайдың даналық философия ғылымы деңгейіндегі көрінісі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 50-62-беттер.
20. Раев Қ. Абай шығармашылығындағы рухани құндылықтардың мәні. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2007. – 100-104-беттер.

МАЗМҰНЫ

Қойгелдиев М. Абай тұлғасы мен мұрасының қазақ тарихындағы орны	3
Медетбеков Т. Менің Абайым!	12
Жұртбай Т. Қаракөк	26
Негимов С. «Қайғы шығар ілімнен...»	68
Шәріп А. Абайдың «жазуы» мен айтуы»: жаңа ментальдік жолында	76
Жеменей И. Абай және әл-Фараби	84
Ісімақова А. Абай мұрасы – бүгінгі рухани қажеттілік	91
Қамзин К. «Семипалатинские областные ведомости» газеті Абай айналасы туралы	106
Тайшыбай З. Ескендір әңгімесі	124
Айтқазин Т. Абай философиясындағы адам туралы	145
Ысқақұлы Д. Аудармадағы Абай дәстүрі	158
Қоңыратбаев Т. Абай Құнанбайұлы	198
Борбасов С. Абай тағылымы	203
Шапай Т. Тыныштық метафорасы	219
Кемелбаева А. Гете мен Абай	234
Ахметбекова А. Йасауи мен Абайдың поэтикалық дәстүрі	251
Палтөре Ы. Абай шығармаларындағы Алланың көркем есімдерінің кейбіріне лексика-семантикалық талдау	258
Сейітова А. Абай мен Сағди поэзиясындағы ұқсас ой-сарындары	270
Рахимов Қ. Абайдың даналық философия ғылымы деңгейіндегі көрінісі	284
Раев Қ. Абай шығармашылығындағы рухани құндылықтардың мәні	298
Түсініктер	304

Оқу басышымы

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
VII том
Ойлар мен толғаныстар

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәділ

Редакторы *К. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Ұ. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

ИБ№9141

Басуға 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 19,2 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №4356.

Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.